Шардара ауданының білім бөлімі
«Шардара» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бұйрық № 200-Б

Шардара қаласы 02.09.2025 ж.

2025–2026 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспарын бекіту туралы

Мектепішілік бақылау (*МІБ*) және құжаттама жүргізу жүйесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Педагогтер жүргізуі тиіс міндетті құжаттар тізбесіне толық сәйкес келуін қадағалау», «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттау» ҚР БҒМ № 125 бұйрығының талаптарына сай ұйымдастыру және 2025–2026 оқу жылында мектептің оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (*МЖМБС)* орындалуын қамтамасыз ету және педагогтер мен оқушылардың іс-әрекетіне жүйелі бақылау ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025–2026 оқу жылына арналған Мектепішілік бақылау жоспарын құру бақылауды жүзеге асырушы топ құрамы бекітілсін;

2.Критериалды бағалау жүйесі бойынша БЖБ және ТЖБ өткізу кестелері бекітіліп, нақты бағалау нәтижелері «*Білім класс»* электрондық журналында уақытылы жүргізіліп, 9, 11-сыныптарды қорытынды аттестаттау (мемлекеттік емтихандар) бекітілген ережелер аясында өткізілсін;

3.Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларына *(Кулиева Э.О және Асылбекова А.Б)* және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына *(Ахатова Г.Т және Есенбаева А.П.)* директордың ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары *(Телеубергенова К.Қ)* директордың ақпараттық жұмыс жөніндегі орынбасары *(Алиев М.Т)* мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес тексерулердің (кіріс, аралық, қорытынды) уақытылы және сапалы өткізілуі қамтамасыз етілсін;

4. Электрондық журналдардың (*«Білім класс» жүйесі*) жүргізілуі, мұғалімдердің КТЖ-дан ауытқымауы және сабаққа қатысу көрсеткіштері қатаң бақылауға алынсын;

5.Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне бақылау қорытындыларын ай сайынғы отырыстарда қарастыру және кемшіліктерді жою бойынша жұмыс жүргізу міндеттелсін;

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі директор орынбасары К. Телеубергеноваға жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры **Л.Ө.Құлмаханбет**

2025-2026 оқу жылы

Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 жылдың қыркүйегінде 1-4сынып оқушыларының жеке іс-құжаттарын тексеру жүргізілді.

Тексеру мақсаты: оқушылардың жеке іс-құжаттарының болуын, сынып жетекшілерінің жеке іс-құжаттарының толтыру кезінде бірыңғай орфографиялық талаптардың сақталуын, жеке істерінде қажетті құжаттардың болуын анықтау.

Әдістері: 1-4 сынып оқушыларының жеке іс-құжаттарымен жұмыс.

Қажетті құжаттар: 1. Титул парағы (оқушылар туралы жалпы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен дәлдігі).

2. Ата-аналардың өтініштері.

3. Туу туралы куәліктің көшірмесі.

4. Алдыңғы сыныптардың табельдері.

5. Мөрдің болуы.

Тексеру бағдарламасы:

- титулдық бет: оқушылардың тізімдік құрамы, жеке іс-құжаттардың №, телефон нөмірі.
- жеке іс -құжаттардың саны;
- жеке іс-құжаттардың № ;
- жеке іс-құжаттың бет жағында мөрдің, директордың қолының, толтырылған күнінің болуы;
- оқушылар туралы мәліметтерді толтыру;
- оқу жылының нәтижелері туралы мәліметтер (белгілер, сабақтардың болмауы, келесі сыныпқа ауыстыру туралы жазба, сынып жетекшісінің қолы);
- әр оқу жылына мөрдің болуы;
- ата-аналардың өтініштері, туу туралы куәлік көшірмелері;
- денсаулығы бұзылған балалар үшін ПМПК қорытындысының болуы.
- **Ұсынымдар:**
- 1. Барлық сынып жетекшілері оқушылардың жеке іс-құжаттарын рәсімдеуге бірыңғай талаптарды сақтасын.
- 2. Сынып жетекшісі жеке іс-құжатқа салсын.
- 3. Титулдық параққа оқушылардың келгені және кеткені туралы мәліметтерді (бұйрықтың күні, нөмірі) уақтылы жазылсын.
-
- Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары _____ Ж.Махимова
-

- **Күн тізбелік жоспарлауды,қысқа мерзімді жоспарларды тексеру**
- **Бақылау негізі:** 2025-2026 оқу жылына арналған

Бақылаудың мақсаты: оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, оқу жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау. .

Бақылау объектілері: пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

Тексеру мерзімі: 2025 жылғы 2-6 қыркүйек.**Бақылау нәтижелері:**

- **Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:**

1. Барлық мұғалімдер жұмыс бағдарламаларын уақытылы тексеруге тапсырды.
2. Негізінен мұғалімдер жұмыс бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, қабылдау және бекіту тәртібіне, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды дайындауға қойылатын талаптарды сақтайды. Оқу-тақырыптық жоспарлауда мұғалімдер бағдарламаның тараулары мен тақырыптарын оқу ретін ашып көрсетеді, оқу сағаттарын тараулар мен тақырыптар бойынша бөлу оқу жүктемесінің максималды көлеміне қарай жүзеге асырылады.

Мұғалімдердің жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жыл бойына ашық тақырыптық сабақтарды ойластырып, жоспарлау.

Ұсыныстар:

1. Жұмыс бағдарламалары бойынша түсініктеме алған мұғалімдер кемшіліктерді түзетеді.
2. ЭЖ қатаң түрде тақырыптық жоспарлауға сәйкес толтырылсын.
3. Қажет болған жағдайда жұмыс бағдарламаларында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды бағдарламада міндетті белгі қою арқылы түзетуді жүзеге асыру.

- **Жаңа оқу жылында 1**-4 сынып аралығында 100% пайыз оқулықпен қамтылды

Шардара»мектеп-лицейі 2025-2026 оқу жылының қортындысы бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары.Кадр туралы	Әлсіз тұстары
«Бастауыш сыныпта математикалық тапсырмаларды логикалық есептермен шешуді үйрету жолдары» тақырыбында аймақтық шебер сынып өткен ұстаздардың сабақтары және іс-тәжиірбелері облыс көлемінде тарқатылды «Бастау»Республикалық математикалық олимпиададан аудандық кезеңде 4 сынып бірінші орын 3 сынып үшінші орын 2сынып бірінші орын	1.Білім сапасының көрсеткіші 70 пайызға жете алмады 2. «Алтын сақа» олимпиададан аудандық кезеңнен облыстық кезеңге өте алмады 3.«Бастау » олимпиадасынан облыстық кезеңнен республикалық кезеңге өте алмады 4.Зерде» ғылыми жоба жұмыстары жүйелі емес
Мүмкіндіктер 1.Білім сапасының көрсеткіші 70 пайызға жету керек 2. «Алтын сақа» олимпиадасынан облыстық кезеңге өту 3.«Бастау » олимпиадасынан облыстық кезеңнен республикалық кезеңге өту 4.Зерде» ғылыми жоба жұмыстарын жүйелеу	Қауіптілер 1.Жауапкершіліктен бас тарту қауіпі 2.Сынып комлектісі толмай қалуы себебінен қысқарту

Мектеп-лицей директоры Л.Ө. Құлмаханбет.

Мектепішілік бақылауға анықтама

Бақылау тақырыбы: Мұғалімдердің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау.

Мақсаты: Мұғалімдердің әдістемелік деңгейінің іс-әрекеттегі тәжірибесін зерттеу, заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін қолдану тиімділігін бағалау.

Уақыты: Қараша – желтоқсан айлары

Өткізілген іс-шаралар:

1. **Пәндік бірлестіктер онкүндіктері:**
   - **Химия – биология:** Мұғалімдердің заманауи технологиялар мен түрлі әдістерді қолдану деңгейі бағаланды. Сабақтарда QR код арқылы ҚМЖ (қосымша мектеп жүйесі) және кері байланыс орнатылды. Панель тақталар 100% қолданылды. Химия пәнінде виртуалды лаборатория қолданылды.
   - **Орыс тілі мен әдебиеті:** Мұғалімдердің тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолдану сапасы анықталды. Пән апталығында сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Айта кететін оқиға – Рахмет Г апайдың 10 сыныптар арасында өткізген «Поле чудес» ойыны.
   - **Тарих – география:** Оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне сәйкес сараланған тапсырмаларды қолдану тиімділігі бағаланды.
2. **Эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмысы:**
   - Педагогтердің тәжірибесін жақсарту мақсатында **Lesson study** ұйымдастырылды.
   - Кәсіби даму мақсатында 5 зерттеу тобы құрылды, олардың 2 тобы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелері талданып, мұғалімдер бөлмесіне ілінді.
   - Қалған 3 топпен жұмыстар осы тоқсан басталады.
   - Мұғалімдердің оқыту технологиялары бойынша іс-тәжірибесі жинақталып, мектеп ішінде таратылды.
3. **Семинарлар мен коучингтер:**
   - «Сабақта тиімді ЖИ құралдарын қолдану» тақырыбында бастауыш және жоғары сынып мұғалімдеріне екі күндік семинар-коучинг өткізілді (Ибрагимова М., Абдрашит А.).
   - Әдіс-тәсілдерді практикада қолдану арқылы тәжірибе алмасу жүргізілді.
   - Тиімді әдіс-тәсілдердің (проблемалық оқыту, зерттеушілік) сараптамасы жасалып, озық тәжірибе алмасу алаңы құрылды (Алматова С., Сахова Г.).

- «Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөлісу» тақырыбында семинар-коучинг өткізілді (Қалдарбек Ұ., Құрбаналиева А.), мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қорытынды:
Мектепішілік бақылау нәтижелері мұғалімдердің әдістемелік деңгейінің жоғары екенін, заманауи оқыту технологиялары мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудағы кәсіби шеберлігін көрсетті. Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, Lesson study және семинар-коучингтер арқылы кәсіби даму және оқу сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп басшысының қолы: _____ Л.Ө.Құлмаханбет

МЕКТЕПІШІЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША АНЫҚТАМА
(Педагогтерді аттестаттау туралы)

2025–2026 оқу жылында мектепішілік бақылау жоспары аясында педагогтердің аттестаттаудан нәтижелі өтуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы дайындық тобы құрылды. Аттестаттаудан өтетін педагогтермен WhatsApp чат ұйымдастырылып, құжаттар жинақталуда.

2025–2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтер саны: 49

- Санатсыз педагог – 32
- Педагог-зерттеуші – 6
- Педагог-сарапшы – 6
- Басшы – 5
- Пенсия жасына жетуіне байланысты ұзартылған – 2

2026 жылы мерзімі аяқталатын педагогтердің санаты бойынша:

- Педагог-модератор – 10
- Педагог-сарапшы – 4
- Педагог-зерттеуші – 1
- Пенсия жасына жетуіне байланысты ұзартылатын – 1
- 15 педагогтың біліктілік санатының мерзімі 30.12.2026 ж. аяқталады

Перспективалық жоспар:
2026–2029 жылдарға арналған педагогтерді аттестаттау бойынша жоспар жасалды.

Қосымша мәліметтер:

- 7 педагог бала күтіміне байланысты демалыста
- 1 педагог жұмыстан босады

Аталған жұмыстардың нәтижесінде педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өту процесін жүйелі ұйымдастыру қамтамасыз етілуде.

Мектепішілік бақылау бөлімі
08.01.2026

Мектеп басшысының қолы: Л.Ө.Құлмаханбет

Анықтама

Осы арқылы хабарлаймыз, мектепішілік бақылау жоспары аясында 2025-2026 оқу жылында «Зерде» кіші ғылыми жобасы және жалпы білім беретін пәндер бойынша пән олимпиадалары өткізілгендігін растаймыз.

1. «Зерде» кіші ғылыми жобасы нәтижелері:

Оқушының аты-жөні	Пән/бағыт	Жетекшісі	Нәтиже
Бейсен Мұқағали	Ағылшын	Мұхтарқызы Ж	Алғыс хат
Балқыбек Кәусар	Ағылшын	Исаева Ұлбосын	III орын
Алимардан Тоғжан	Медицина	Үсенова Тамара	II орын
Исабек Диана	Өлкетану	Мұратиярова Перизат	II орын
Алпыс Мөлдір	Физика, космос	Сартбаева Жанар	I орын
Жорабеков Шындәулет	Этномәдениеттану	Зиманова Ерке	I орын

Облыстық кезең нәтижелері:

- Алпыс Мөлдір (Физика, космос) – II орын.

2. Пәндік олимпиадалардың аудандық кезеңі қорытындылары:

Пән	Сынып	Оқушы	Нәтиже
Қазақ тілі	6 сынып	Алимардан Т	I орын
Орыс тілі	8 сынып	Ажмомбет А	I орын
Химия	8 сынып	Жұмахамед Н	I орын
Химия	10 сынып	Нурлыбек Ж	I орын
Құқық негіздері	10 сынып	Қамзабек Д	I орын

- Басқа орындар бойынша – 23 орын.

Дарынды және уәжді балалар туралы деректер базасын жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

3. Мектепішілік іс-шаралар:

- Тірек мектеп бағдарламасы бойынша НИШ мектебінен 05.12.2025 ж. тәжірибе алмасу жүргізілді.
- KIVA бағдарламасы бойынша мектептерді порталға тіркеу 09.12.2025 ж. онлайн-вебинар сабақ арқылы ұйымдастырылды.

4. Мектепішілік олимпиадаға қатысу:

- Жалпы 347 оқушы қатысты: 9-11 сыныптар – 118 оқушы, 5-8 сыныптар – 229 оқушы.
- Аймақтық олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары арасынан 33 оқушы қатысып, 21 оқушы аудандық олимпиадаға жолдама алды:
  - Жаратылыстану-математикалық бағыт – 8 орын (I орын – 1 оқушы)
  - Қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 1 орын (I орын – 1 оқушы)
- 5-6, 7-8 сыныптар бойынша – 19 орын (I орын – 3 оқушы), жаратылыстану-математикалық бағыт – 8 орын (I орын – 1 оқушы), қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 11 орын (I орын – 2 оқушы).

5. Облыстық олимпиадаға қатысу:

- 9-11 сыныптан Нурлыбек Ж. (Химия) және Қамзабек Д. (Құқықтану) қатысып, Қамзабек Д. III орын алды.

Бұл анықтама мектепішілік бақылау нәтижелерін растайды.

Мектеп басшысының қолы: _____ Л.Ө.Құлмаханбет

Анықтама

Берілген ақпаратқа сәйкес, мектепішілік бақылау жоспары аясында тәлімгерлік жұмыстың мақсатқа сәйкестігі мен мерзімінде жүзеге асырылуы тексерілді.

Тәлім алушы жас мамандар **Сарбасова Г.** және **Ибадулла С.** өз тәлімгерлерімен тәжірибе алмасуда. «Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесі бойынша жас мамандар тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы кәсіби тәжірибе жинақтады.

Сонымен қатар, жас мамандардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында «Жас маман – алға бас қадам» атты тренинг-сұхбат өткізілді. Бұл сұхбат негізінде олардың сұраныстарына сәйкес **Келдібаева Г.** апайымыз «Тиімді ҚМЖ құрастыру: жас мұғалімнің кәсіби қадамы» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырды.

Жас мамандардың сабақтарына қатысу мына мұғалімдермен жүргізілді:

- **Математика:** Талатова Р., Бахарам М., Жасұзақ Н., Ибадулла С.
- **Физика:** Жұмағұл Ж.
- **Орыс тілі:** Лесбек Л, Тургунбаева Г.

Осылайша, жас мамандардың кәсіби өсуі мен тәжірибе алмасуы тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Мектеп әкімшілігі
08 / 01 / 2026

Мектеп басшысының қолы: _____ Л.Ө.Құлмаханбет